

ЖАОК бағдарламасы

Жаппай ашық онлайн курстың атауы	Арнайы педагогика
ЖАОК ұзақтығы	3 кредит
Семестрге арналған курстың тақырыптарының (дәрістерінің) реттелген тізімі	1. Арнайы педагогика ғылымы туралы түсінік 2. Аномальді даму туралы ғылыми болжамдардың эволюциясы 3. Арнайы педагогиканың ғылыми негізделуі 4. Арнайы педагогиканың принциптері 5. Арнайы білім беру жүйесіндегі педагог 6. Арнайы білім беру жүйесіндегі интеграция және дифференциация 7. Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы 8. Зерде бұзылысы бар балаларға арнайы білім беру 9. Сөйлеу тілі бұзылған балаларға педагогикалық көмек беру жүйесі 10. Көру қабілеті бұзылған балаларға арнайы білім беру 11. Есту қабілеті бұзылған балаларға арнайы білім беру 12. Аутистикалық спектр бұзылысы бар балаларға арнайы білім беру жүйесі 13. Тірек-қимыл қозғалысында бұзылысы бар балаларға арнайы білім беру жүйесі 14. Күрделі кемшілігі бар тұлғаларға педагогикалық көмек 15. Арнайы білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық базасы (Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ПМПк))
ЖАОК тілі	Қазақша
Әзірлеуші университеттің толық атауы	М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Курстың авторы	 Кенжегалиева Айдана Женисовна М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Педагогика және психология білім беру бағдарламасы Оқытушы, магистр 
Автордың жарнамалық бейнесі	https://youtube.com/shorts/hNB-cUeM1ek?feature=share
Оқу нәтижелері бар ЖАОК қысқаша сипаттамасы	Арнайы педагогика бойынша онлайн курс екі модульден тұрады. Бірінші модульде пәннің теориялық негіздері, ғылыми негізделуі қамтылса, «Ерекше білімді қажет ететін балалардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері» деп аталатын екінші модульде ерекше білімді қажет ететін балалар категориясы, олардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, оқыту, тәрбиелеу, түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны сипатталған. Пәннің мақсаты: Тыңдаушыларға ерекше білімді қажет ететін балалар топтары, оларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері туралы түсініктер қалыптастыру; арнайы педагогиканың тарихы, қазіргі кездегі мәселелерімен, даму тенденцияларымен таныстыру. Курстың міндеттері: 1. Арнайы педагогика ғылымы туралы түсінік беру; 2. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар топтары туралы білім қалыптастыру; 3. Білім алушыларды түрлі психикалық және физикалық бұзылыстар және олардың топтастыруымен, таралуымен таныстыру; 4. Арнайы педагогиканың Қазақстан Республикасындағы және әлеуметтегі даму тенденцияларымен және қазіргі кездегі мәселелерімен таныстыру; алған білімдер жүйесі студенттерді таңдаған мамандықпен толық таныстырып және де мұғалім-дефектолог өз жұмысында қандай балалармен жұмыс істейтіндігі туралы білім береді. Курс аяқталғаннан кейін студенттер білуі керек: - арнайы педагогика курсының қысқаша тарихын; - арнайы білім беруді қажет ететін балалар ерекшеліктері туралы; - түрлі психикалық және физикалық бұзылыстар және оларды топтастыру; - ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеу жүйесін; - ЕБҚЕ балаларға психологиялық-педагогикалық мінездеме беру. Курс аяқталғаннан кейін студенттер жасай алуы керек:

	- арнайы педагогика пәнін кәсіби деңгейде меңгеруі; - педагогикалық мақсат қою саласындағы білімдерді біртұтас педагогикалық үрдісті жобалау және жүзеге асыру біліктері мен дағдыларын меңгеруі; - психологиялық-педагогикалық диагностика, талдау және жинақтау негізінде кешенді мониторингті жүзеге асыру, педагогикалық рефлексияға қабілетті болу. Игерілетін дағдылар: - арнайы педагогика пәні бойынша педагогикалық технологияларды пайдалану мен осы салада іздену, бағалау, саралау және қолдану біліктері мен дағдыларын меңгеруі; - бақылау-бағалау материалдарын әзірлеу, алынған нәтижелерді түсіндіріп беру біліктері мен дағдыларын меңгеруі.
ЖАОК бағдарламасы	(Силлабус) https://open.wku.edu.kz/

Онлайн курстың авторы  оқытушы, магистр А.Ж.Кенжегалиева